II МОДУЛЬ
АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 5-сабақ
# Талап қою сот ісін жүргізу

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

заңды тұлға
үшінші тұлға
растайтын құжат
шартта көзделсе
құжаттардың көшірмелері
анықтаманың көшірмелері
куәландыратын сенімхат
татуласуға бағытталған
мемлекеттік тіркеу
сотқа дейін реттеу
мән-жайларды растау
дәлелдемелерді талап ету

**Етістік**+(-атын,-етін -йтын,-йтін)
**Мысалы:**раста+йтын
ретте+йтін

## 2. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

өткізу+етін

тапсыру
жүргізу
белгілеу
растау
бас тарту
куәландыру
мәлімдеу
ұйымдастыру
тағайындау
орындау
қабылдау
тіркеу

## 3. Аударманың сәйкестендіріңіз.

құжаттардың көшірмелері
үшінші тұлға
мемлекеттік тіркеу
растайтын құжат
сотқа дейін реттеу
заңды тұлға
шартта көзделсе
татуласуға бағытталған
дәлелдемелерді талап ету
куәландыратын сенімхат
мән-жайларды растау
анықтаманың көшірмелері

юридическое лицо
подтверждающий документ
предусмотрено договором
копии документов
копии справки
доверенность
направленный на примирение
государственная регистрация
третье лицо
досудебное урегулирование
подтверждение обстоятельств
требовать доказательств



LIVEWORKSHEETS

## 4. Тыңдаңыз, жазыңыз.

- мемлекеттік баждың ____________________ құжат;
- өкілдің ____________________ сенімхат немесе өзге де құжат;
- талап қоюшы өзінің талаптарын негіздеген ____________________ құжаттар;
- дауды сотқа дейін реттеу тәртібінің ________________ құжаттар, егер осы тәртіп заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе;
- тараптың (тараптардың) татуласуға бағытталған әрекеттерді ____________________ құжаттар, егер мұндай әрекеттер жасалған болса…

## 5. Мәтінді оқыңыз.

Талап қою арызына:

- жауапкерлер мен үшінші тұлғалардың саны бойынша талап қою арызының және оған қоса берілген құжаттардың көшірмелері;
- мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;
- өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат немесе өзге де құжат;
- талап қоюшы өзінің талаптарын негіздеген мән-жайларды растайтын құжаттар;
- дауды сотқа дейін реттеу тәртібінің сақталғанын растайтын құжаттар, егер осы тәртіп заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе;
- тарап (тараптардың) татуласуға бағытталған әрекеттерді жасағанын растайтын құжаттар, егер мұндай әрекеттер жасалған болса;
- егер дәлелдеме жауапкерде немесе үшінші тұлғада болса, талап қоюшының дәлелдемелерді талап ету туралы өтінішхаты;
- егер талап қоюды заңды тұлға берсе, жарғының, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмелері қоса беріледі.

## 6. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

| | | |
|---|---|---|
| мемлекеттік баждың | өзінің талаптарын негіздеген мән-жайларды | құжаттардың көшірмелері |
| талап қою арызының | төленгенін | құжат |
| талап қоюшы | әрекеттерді жасағанын | растайтын құжат |
| дауды сотқа дейін реттеу тәртібінің | және оған қоса берілген | растайтын құжаттар |
| талап қоюшының | сенімхат немесе өзге де | өтінішхаты |
| өкілдің өкілеттігін куәландыратын | сақталғанын | растайтын құжаттар |
| тараптардың татуласуға бағытталған | дәлелдемелерді талап ету туралы | растайтын құжаттар |



LIVEWORKSHEETS

## 7. Мәтіннің көмегімен дұрыс, бұрысын белгілеңіз.

| Сөйлем | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Егер татуласуға бағытталған әрекеттер жасалмаған болса, оларды растайтын құжаттар болуы тиіс | | |
| Талап қою арызына дауды сотқа дейін реттеу тәртібінің сақталғанын растайтын құжаттар қажет | | |
| Талап қоюды заңды тұлға берсе, жарғының, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмелері қоса беріледі | | |
| Талап қою арызының және оған қоса берілген құжаттардың көшірмелеріне мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат қажет | | |

## 8. Сөз тіркестерін дұрыс орналастырыңыз.

1. баждың /растайтын /төленгенін/ құжат /мемлекеттік

2. растайтын /талап қоюшының/ құжаттар/ мән-жайларын

3. татуласуға тараптың (тараптардың) /жасағанын/ құжаттар / бағытталған /әрекеттерді /растайтын

4. талап қоюшының/ дәлелдемелерді /талап ету туралы /өтінішхаты

5. куәландыратын/ сенімхат /өкілеттігін / өкілдің

## 9. Жағдаяттық тапсырма.

Азаматтық психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы арызға шешім шығарыңыз.



LIVEWORKSHEETS